

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Қырқуға арналған
машина
DEXP HC-0120YXBV**

Мазмұны

Сақтық шаралары.....	5
Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар	6
Құрылғының сыртқы түрі.....	8
Техникалық сипаттамалары.....	8
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	8
Құрылғыны зарядтау.....	8
Шаш қырқу.....	9
Туралау	9
Қырқу ұзындығын реттеу.....	10
Тазалау және күтім жасау	10
Жүздерін майлау	11
Жинақталым.....	12
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	12
Қосымша ақпарат.....	13

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау жөніндегі ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Қырқуға арналған машина — шашты қырқуға және туралауға арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны қосар алдында онда көрсетілген кернеудің жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғы балалардың және денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа тұлғалар бақылау жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда.
- Құрылғыны суға түсіруге немесе су ағыны астында жууға тыйым салынады. Су ағыны астында тек тарақ саптамаларын жууға рұқсат етіледі.
- Құрылғыны суға жақын жерде пайдаланбаңыз. Құрылғыны ванна бөлмесінде, душта, бассейнде немесе ылғалдылығы жоғары басқа үй-жайларда пайдаланбаңыз. Тіпті, құрылғы сөндірілген болса да, судың жақындығы қауіп төндіреді.
- Құрылғыны су қолмен алуға тыйым салынады.
- Жеткізу жиынтығына кіретін керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз.
- Құрылғыны мақсаты бойынша ғана пайдаланыңыз.
- Кесуші блогы бүлінген немесе тозған құрылғыны пайдаланбаңыз: бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Аспапты желіден ажырату үшін кәбілді ешқашан тартпаңыз.
- Егер аспапта көзге көрінетін бұзылған жерлері болса, оны пайдаланбаңыз.
- Кәбілі бүлінген құрылғыны пайдаланбаңыз. Кәбілді майыстырмаңыз.
- Құрылғыны тексеру немесе жөндеу үшін уәкілетті сервистік орталығына ғана жүгіну керек. Біліктілігі жоқ тұлға жүргізген жөндеу пайдаланушы үшін өте қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Әр пайдаланғаннан кейін құрылғыны сөндіріп жүріңіз.
- Бұл құрылғы коммерциялық пайдалануға немесе салондарда қолдануға арналмаған.
- Бұл құрылғыны жасанды шашты және жануарлар жүнін қырқу үшін пайдаланбаңыз.
- Құрылғының құлауын болдырмау үшін оны бекітіңіз.
- Құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.
- Балалардың қолы жетпейтін құрғақ жерде сақтаңыз.

Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар

Тек түпнұсқа зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз

Аккумуляторлық батареяның зарядталу/зарядсыздану қабілетін оған кіріктірілген контроллер басқарады. Li-ion-ға арналған сыртқы зарядтау құрылғыларына мәжбүрлі түрде «тез зарядтау» режимдерін қосуға мүлде болмайды, өйткені зарядтау мен зарядсыздандыру тоқтары шектелген. Li-Ion батареяларында «жады әсері» жоқ. Аккумуляторларды зарядсыздандыруды/зарядтауды кез келген заряд деңгейінен бастауға болады.

Құрылғылардың көбінде зарядталу/зарядсыздану дәрежесі бойынша шектеу қойылған. Егер, мысалы, заряд 90%-дан көп болса, контроллер аккумулятордың зарядталуына мүмкіндік бермеуі мүмкін. Сондай-ақ, элементтердің істен шығуына жол бермей отырып, ол батареяны толығымен зарядсыздандыруға мүмкіндік бермейді. Құрылғы электр желісі арқылы жұмыс істесе де – Li-ion батареясы айына кемінде бір рет толық зарядтау/ зарядсыздандыру циклынан өтуі керек («батареяның заряды таусылғандығы» туралы хабарлама пайда болғанға дейін). Батареяны толық зарядсыздандыруға жол беруге болмайды. Заряды таусылған күйде ұзақ уақыт сақталған кезде Li-ion аккумуляторы тез тозады. Егер бұл сонда да орын алса, оны бірден зарядтауға қойыңыз. Батарея тіпті құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да зарядын жоғалтады. Li-ion аккумуляторларының өздігінен зарядсыздандырылуы айына шамамен 5% құрайды. Li-ion аккумуляторлары өз құрылысы бойынша ұзаққа шыдамайды және олардың пайдаланылатынына немесе пайдаланылмайтынына қарамастан, үнемі тозуға ұшырайды. Температура неғұрлым жоғары болса және зарядтың шамасы 40 %-ға тең болып саналатын «оңтайлы» мәнінен неғұрлым алыс болса (сақталуы тұрғысынан), осы деградация соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер батарея пайдаланылмаса, зарядын 40-50 % деңгейінде ұстап тұрған жөн. Егер батарея зарядсызданған күйінде 2 апта және одан көп уақыт болса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі орын алады, соның салдарынан батарея өзі істен шығады.

Температуралық режимді сақтаңыз

Батарея зарядталған күйінде +15 °C-тан +35 °C-ға дейінгі температурада ауаның қалыпты ылғалдығында сақталуы тиіс. Батареялар қоршаған орта температурасы өте жоғары (40 °C-тан жоғары) және өте төмен (-10 °C-тан төмен) болған кезде ұзақ уақыт пайдалануға шыдамайды. Батареяны тікелей күн сәулесінің астында қалдыруға болмайды.

Зақымдану іздері бар батареяларды бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз

Ешбір жағдайда батареяларды өздігінше бөлшектеуге және олардың элементтерін зарядтауға болмайды.

Қажет болған жағдайда, мамандандырылған сервистік орталықтарға хабарласыңыз. Элементтердің тесілуі немесе майысуы ішкі қысқа тұйықталуға, соңынан тұтануға және жарылуға әкелуі мүмкін. Литийдің жоғары температурадан балқуы де жарылысқа әкелуі мүмкін. Корпусы ашылған кезде, элементтің ішіне су түсуі мүмкін немесе атмосфералық ылғал сұйықталуы мүмкін, бұл сутегі бөліп шығаратын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін. Сіз батареяның ағымдағы күйін батарея күйінің индикаторынан көре аласыз, ол кез келген құрылғыда бар (сіз оның орналасқан жерін және жұмыс принципіні сатып алу кезінде анықтай аласыз).

Сақ болыңыз: зақымдалған батареялар зиянды заттарды шығаруы мүмкін. Егер батарея ауыстырылатын (алынбалы) болса, оның жұмысында проблемалар туындаған жағдайда сервистік орталығына хабарласыңыз (кепілдік мерзімін кепілдік талонынан қараңыз).

Егер батарея алынбайтын болса (батарея құрылғының ажырамас бөлігі болса), кепілдік құрылғының өзіне сияқты әрекет етеді. Сондай-ақ, сервистік орталығына хабарласу қажет.

Ақаулы батареяны неғұрлым тезірек жөндеуге берсеңіз, соғұрлым оны аз шығынмен қалпына келтіруге болады. Назар аударыңыз: аккумулятордың жұмыс істеу уақыты көптеген басқа факторларға байланысты; шынайы жұмыс уақыты осында көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін.

Аккумулятор зарядтау циклдарының саны шектеулі болуы мүмкін және біраз уақыт өткеннен кейін ауыстыру қажет болуы мүмкін (аккумуляторға берілген шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). Аккумулятордың жұмыс істеу уақыты пайдалану режиміне және баптауларға байланысты.

Құрылғының сыртқы түрі



Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: HC-0120YXBV.
- Қуат көзі (кіріс): 5 В, 1 А.
- Реттелетін саптамалар 1-10 мм және 11-20 мм.
- Батарея: Li-ion 800 мА•сағ.
- Қызыл және жасыл жарық индикаторлары.
- Зарядтау уақыты: 2 сағат.
- Жұмыс уақыты: 100-120 мин.
- Сымсыз режимде жұмыс істеу.
- Құрғақ қырқуға ғана арналған.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық


- Шаш қырқуды бастар алдында құрылғыны тексеріңіз, жүздер тістерінің арасында артық май болмағанына көз жеткізіңіз.
- Осы құрылғыны пайдаланып, шашты қырқу белгілі бір дағдыларды талап етеді, сондықтан алғашқы бірнеше рет саптаманы максималды ұзындыққа орнатыңыз.
- Құрылғыны ол шашты қырқып үлгергеннен тез жылжытып, процесті жеделдетуге тырыспаңыз.

Құрылғыны зарядтау


- Қуат беру адаптерін құрылғыға, содан кейін қуат беру желісіне қосыңыз.
- Құрылғы желіден жұмыс істеуге дайын.
- Батареядан жұмыс істеу үшін жарық индикаторы жасыл түспен жанғанша, құрылғының толық зарядталуын күтіңіз.

Шаш қырқу

1. Қырқуды бастар алдында шашыңызды мұқият таралаңыз. Шаш құрғақ болуы керек.
2. Қолайлы саптаманы таңдаңыз, оны құрылғыға тістерін жоғары қаратып, орнатыңыз және қажетті ұзындықты орнатыңыз.



3. Қырқуды желкеден, шекеден бастаңыз және біртіндеп бастың жоғарғы жағына қарай өтіңіз.



4. Шаш өсетін бағытқа қарсы қырқыңыз.
5. Қырқу кезінде қырқылған шашты жойып отырыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: тарақты тек сөндірілген құрылғыға ғана орнатыңыз.


Туралау

1. Қырқуды туралау үшін тарақ саптамасынсыз триммерді пайдаланыңыз.
2. Қырқу ұзындығын реттегішті минималды мәнге орнатыңыз.



3. Құрылғының қозғалыстары баяу және бірқалыпты болуы керек.
4. Шеке жақты, құлақ артын, бастың желке жағын туралаңыз.

ЕСКЕРТУ: қырқуды орындау үшін төмендегі схеманы пайдаланыңыз.




Қырқу ұзындығын реттеу

- Жеткізілетін саптамалардың әрқайсысы қырқудың әртүрлі ұзындығын орнатуға мүмкіндік береді.
- Қажетті саптаманы таңдаңыз (1-10 мм немесе 11-20 мм), оны машинаға орнатыңыз және шертілген дыбысқа дейін басыңыз.
- Әр шерту басқан сайын қырқу ұзындығын 1 мм-ге азайтады.

Тазалау және күтім жасау

Машинаға қызмет көрсету алдында оны сөндіріңіз және электр желісінен ажыратыңыз. Әр қолданғаннан кейін машинаны тазалап, майлау керек.


- Корпусты құрғақ жұмсақ матамен сүртіңіз.
- Көрсеткі бағытында саусақпен басып және екінші қолмен ұстап тұрып, жүздер блогын шешіңіз.



- Бұйымның корпусындағы тесіктерге судың түсуіне жол бермеңіз.



- Тазалау аяқталғаннан кейін төменде көрсетілгендей жүздер блогын орнатыңыз.



- Екі жүздің де тістерінің профильдері орнатылған кезде олардың ығысуына қарамастан дәл сәйкес келуі керек.
- Бекітілген жүз тістерінің ұштары жылжымалы жүз тістерінің ұштарынан шамамен 1-2 мм жоғары шығып тұруы керек.
- Егер жүздер дұрыс орнатылмаған болса, оларға бірнеше тамшы май тигізіңіз, машинаны бірнеше секундқа қосыңыз, содан кейін оны сөндіріңіз де, электр желісінен ажыратыңыз. Бұрамаларды сәл босаңсытыңыз және алынбалы жүзді қайта орнатыңыз. Бұрамаларды қатайтып бұраңыз.

Жүздерді майлау

- Машинаның ұзақ әрі сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін жүздерді жүйелі түрде майлап жүру керек.
- Майлау үшін шашқа арналған майды, жануар майларын және керосинмен немесе басқа еріткіштермен сұйылтылған майларды пайдаланбаңыз.

Жинақталым

- Құрылғы.
- Қырқуға арналған саптамалар — 2 дана.
- Тазалауға арналған шөтке.
- Май.
- Қуат беру адаптері.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына бұйым мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін, тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратылуға тапсырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз, дұрыс қолданылмаған жағдайда, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқыс шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Юйяо Сянтэн Электрикал Эпплайенс Ко., Лтд.

Вэйсы №8 тас жолының батыс бөлігі, Сымэнь, Юйяо, Нинбо қ, Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламент талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы мен радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI:

Кепілдікке қойылған күні:

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырылымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартпен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжайда берілген:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club